



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 26/566

29 июня 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

28 МАУСЫМ – БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

28 маусым күні Қазақстан журналистері өздерінің төл мерекесін атап өтпек.

Бұл дата 1991 жылы «Баспа мен БАҚ туралы» заңның қабылданған күніне орайластырылған. Айта кетейік, 2004 жылдан бері Қазақстандағы журналистер күні маусым айының соңғы жексенбісінде тойланып келді. Ал ел Президентінің 2011 жылдың 20 қазанындағы №164 Жарлығына сәйкес журналистердің кәсіби мерекесі маусымның 28-і күніне белгіленді. Қазір мерекенің толық атауы - Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні.

Бір кездері қазақ қаламгерлері айтулы күнді ең алғаш қазақ тілінде жарық көрген «Түркістан уәлаяты» газетінің шыққан күні, яғни 10 мамырда атап өткен екен. Алайда, аталмыш баспа Ресей патшалығының отаршылдық саясатын ашық жазғандықтан бұл мерекеге тыйым салыныпты.

ҚР Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев бастаған белсенді топ болса «Түркістан уәлаяты» 15 мамырдан бастап шыға бастаған, сондықтан еліміздегі журналистердің төл мерекесін осы күні атап өткеніміз жөн деген мәселе көтеріп отыр.



Ал, 1991 жылдың 28 маусымда қабылданған БАҚ туралы заңға көптеген өзгерістер енгендіктен ол өз маңыздылығын жоғалтқан деп есептейді олар. Қалай болғанда да аталмыш мереке елімізде 28 маусым күнге белгіленді.

Ал, біз алдымен барлық әріптестерімізді, сонымен қатар «Приозерский вестник» газетінің ұжымын төл мерекелерімен құттықтай отырып, жұмыстарында сәттілік тілейміз!

Б. Кенжебеков,
«Приозерский вестник» газетінің бас редакторы

«ӘЛЕУМЕТТІ ҚОЛДАУ – ӘЛЕУЕТТІ ҚОЛДАУ» АКЦИЯСЫ



Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Ортада жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше құрметке лайық. Қазіргі кезде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты қамқорлық жасалып келеді. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Ата-бабамыз: «Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің», – деп, жақсылық жасауға шақырған. Ағымдағы жылдың 25 маусымы күні «20 қайырымды іс»

Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Ортада жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше құрметке лайық. Қазіргі кезде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты қамқорлық жасалып келеді. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.



акциясы аясында «AQUA-ELITE» атты таза сумен қамтамасыз ететін қаламыздың жеке жас кәсіпкерлерінің қаржылай көмегімен жалғыз және аз қамтамасыз етілген, күн көрісі төмен, көмекке мұқтаж зейнеткерлерге қолдау көрсету мақсатында тегін азық-түлік таратылды. Жан жылуын жақынынан іздеген, көмекке мұқтаж 7 зейнеткердің әрқайсысына 5 кг бірінші сұрыпты бидай ұны, 5 литр сұйық май, 2 кг картоп, 2 кг макарон өнімі, 1 кг пияз, күріш, кант, жарма ботқасы, қарақұмық жармасы, 2 литр сүт пен шай таратылып берілді.

Осындай игі іс-шараға мәзмейрам болған қарияларымыз шынайы ризашылықтарын білдіріп, еліміздің мәртебесі биіктеп, л-жұртымыздың аман болуын тілеп баталарын берді. «Есік алдында төбе болса, ертеп қойған атпен тең, ауылыңда қария болса, жазып қойған хатпен тең» - деген тәмсілдің мағынасы терең, жосығы бөлек, жөні ерек. Үлкенді қадірлеу үшін үлкен даналықтың қажеті жоқ. Тек қарты бар ел – қазыналы ел екенін естен шығарма-ғанымыз жөн болар.

Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы



акциясы аясында «AQUA-ELITE» атты таза сумен қамтамасыз ететін қаламыздың жеке жас кәсіпкерлерінің қаржылай көмегімен жалғыз және аз қамтамасыз етілген, күн көрісі төмен, көмекке мұқтаж зейнеткер-

28 ИЮНЯ - ДЕНЬ РАБОТНИКОВ СВЯЗИ И ИНФОРМАЦИИ

В Казахстане 28 июня отмечается профессиональный праздник — День работников связи и информации.

Этот праздник отмечается с 2012 года, до этого он носил название День печати, телевидения и радио и отмечался в третье воскресенье июня. Такая дата празднования была выбрана потому, что 28 июня был принят Закон Казахской ССР «О печати и других средствах массовой информации», который стал первым казахстанским законом о СМИ. В 1997 году был учрежден День печати, телевидения и радио, а в октябре 2011 года вышел указ президента, согласно которому праздник был перенесен.

Новое название намного точнее отражает суть праздника в современных условиях, ведь с каждым годом все большую популярность обретает совершенно новый вид средств массовой информации — интернет-СМИ. Благодаря Всемирной паутине информация стала распространяться практически мгновенно, что требует от работников СМИ особой оперативности и профессионализма.

В День работников связи и информации



поздравления с профессиональным праздником принимают журналисты и все те, чья профессиональная деятельность так или иначе связана со средствами массовой информации.

Мы, так же, в свою очередь, поздравляем всех коллег и коллектив редакции газеты «Приозерский вестник» с профессиональным праздником и желаем успехов в работе!

Б. Кенжебеков,
главный редактор газеты
«Приозерский вестник»

Рухани жаңғыру

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ТАНЫМАЛ ЕТУ МАҚСАТЫНДАҒЫ PR-ІС ШАРАЛАР

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында қала аумағында ағымдағы жылдың 4 маусымы күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналған авто мен велшеру акциясы өткізілді.

Аталған іс-шараға мемлекеттік мекемелер, таксопарк қызметкерлері, қала тұрғындары және белсенді жастар қатысты. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қабылдануының 26 жылдығын бейнелейтін 26 автокөліктен құрылған автокеруен және 26 велоспортшы қаланың кіре беріс жерінен бастап, орталық көшенің бойы арқылы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығына дейін жүріп өтті. Шерудің негізгі мақсаты – қала



тұрғындарын Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтанбасын, Өнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу болып табылады.

Ағымдағы жылдың мамыр-маусым айларында қаламыздың сауда үйлері мен қала көшелерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қала тұрғындарына кеңінен насихаттау мақсатында қысқаша мазмұны бар «Рухани жаңғыру» тақырыбындағы парақшалар таратылды.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ





МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ БОЙЫНША СЕМИНАР БОЛЫП ӨТТІ



АСТАНА – ҰАЫ ДАЛА
ЕЛОРДАСЫ

Астананың 20 жылдық мерекесіне орай 2018 жылдың 29 маусымында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен мемлекеттік тілде іс жүргізушілерге көмек көрсету мақсатында «Мемлекеттік тілде іс жүргізу және құжаттарды рәсімдеу» тақырыбында қалалық семинар өтті. Семинарға Приозерск қаласының мемлекеттік мекемелерінің іс жүргізуші мамандары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметкерлер қатысты. Өткізілген іс – шараның мақсаты іс жүргізуші мамандарға мемлекеттік тілде іс қағаз жүргізудің және құжаттарды рәсімдеудің негізгі талаптары мен ережелерін таныстырып, құжаттарды мемлекеттік тілде сауатты рәсімдеу жолдарын түсіндіру болатын. Жалпы семинар екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бөлім басшысы Сүлейменов Айбек Мұратұлы «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудің теориялық және практикалық негіздері» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар А.М.Сүлейменов іс қағаздардың түрлеріне

тоқталып өтіп, құжаттарды дайындау мен рәсімдеу қағидаларын, құжат деректемелерін рәсімдеуге қойылатын талаптарға баса назар аударып және құжаттаманы басқару тәртібімен таныстырды. Екінші бөлімінде академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қалиев Бектұрсын Аманқұлұлы «Мемлекеттік тілде іс қағаздарды жетілдіру жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Б.А.Қалиев іс қағаздарды жазудың жалпы тәртібі, жазуда ескерілетін емле қағидаларына тоқталды. Семинардың тәжірибелік бөлімінде мемлекеттік тілде іс жүргізу мен құжаттарды рәсімдеудегі нақты мәселелерге назар аударылып, мысалдар бойынша жұмыстар жүргізілді, сонымен бірге семинарға қатысушылар арасында туындаған сұрақтарға жауап берілді. Қатысушылар да туындаған ұсыныстар мен практикалық кеңестерге баса назар аударды. Семинар кезінде іс жүргізуші мамандарға құжаттарды рәсімдеуде нақты әдістемелік және тәжірибелік кеңестер берілді. Семинар соңында қатысушыларға сертификаттар тапсырылды.

Т. Туkenova,

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің латын әліпбиі бойынша әдіскері

Қысқаша қайырганда

ҚАЙТА ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН-АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Еліміздің өркендеуі мен беделін жоғарлату ол әр-бір азаматтың борышы екені сөзсіз, алайда қазіргі таңда статистикалық көрсеткіші бойынша қылмыс саны жоғарлауда.

Осыған орай Приозерск қаласының есебінде тұрған бас бостандығынан айырысыз жаза түріне сотталған тұлғаларға профилактикалық іс-шараны жүргізу жолында, 2018 жылдың 18 маусым айынан

бастап 2018 жылдың 28 маусым аралығында «ШАРТТЫ» атты профилактикалық алдын-алу іс-шарасы жүргізілуде. Демек аталған іс-шара ол есепте тұрған тұлғалардың қылмысын алдын-алуына бағтталған.

Карибаев Ж.Ж.,

Приозерск қаласының Пробация қызметінің инспекторы әділет аға лейтенанты

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА - ОТ ОБСУЖДЕНИЯ К РЕАЛИЗАЦИИ

Толымбек ГАБДИЛЬШИМОВ,
первый заместитель председателя
народно-демократической
патриотической партии «Ауыл»:

– Поставленные в Послании Президента задачи дадут новый импульс развитию агропромышленного комплекса страны. Для этого Президентом Казахстана поставлено решение десяти задач и, что отчаянно, третьей задачей являются «Умные технологии» – шанс для рывка в агропромышленном комплексе.

В Послании народу Казахстана было сказано, что аграрная политика должна быть направлена на кардинальное увеличение производительности труда и рост экспорта переработанной сельскохозяйственной продукции. Мы научились выращивать различные сельхозкультуры, производить зерно. Гордимся этим. Но этого уже недостаточно. Нужно обеспечить переработку сырья и выходить на мировые рынки с высококачественной готовой продукцией.



Приоритетного внимания требует развитие аграрной науки. Она должна заниматься в первую очередь трансфером новых технологий и их адаптацией к отечественным условиям.

Финансирование аграрной науки было недостаточным. Поэтому молодые ученые, которые устраивались на работу, переходили на другую работу из-за финансовых вопросов. В скором времени благодаря усилиям Главы государства ситуация кардинально изменится.

<https://liter.kz/ru/articles/>

Жастар тәрбиесі

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

2018 жылдың 29 маусымы күні әкім аппаратының акт залында II тоқсан бойынша жастар ісі жөніндегі Кеңес отырысы өткізілді. Кеңес барысында талқыланған сұрақтар:

Патриоттық тәрбие беру туралы «Жасыл ел» еңбек жасағының жұмыс жоспары.

Жас отбасыларға берілген тұрғын үй, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәселесі


Жастарға патриоттық тәрбие беру және «Жасыл ел» еңбек жасағының жұмыс жоспары бойынша Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы м.а. Алмас Ұлан Алмасұлы баяндады.

Жас отбасыларға берілген тұрғын үй бойынша Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары Омаров Нурлан Шадыбаевич баяндады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәселесі туралы Приозерск қаласы білім бөлімінің басшысы Касимова Гуля Кенесовна баяндады.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА



	Банки второго уровня	Программа 7-20-25
Сред. сумма ипотечного кредита	10 млн. тенге	10 млн. тенге
Ставка вознаграждения	16 %	7%
Первоначальный взнос	30%	20%
Срок кредита, лет	15	25
Ежемесячный платеж в месяц	104 000 тенге	57 000 тенге

ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНА АРНАЛҒАН БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

«ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Елшілігі «Бір белдеу, бір жол» бастамасы және «Нұрлы жол» бағдарламасы. Өзаратимді өсім мен өркендеу траекториясы» тақырыбында байқау жариялайды. Конкурс «Бір белдеу, бір жол» бастамасының 5 жылдығына арналған.

Конкурс-тың мақсаты - Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы стратегиялық ынтымақ-тастықты одан әрі кеңейту. Конкурсқа бұдан бұрын жарияланбаған Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың тарихы мен стратегиялық басымдықтарына, ХХІ ғасырдағы Ұлы Жібек жолының жаңғы-

2018 жылдың 23 мамырынан 31 шілдесіне дейін «ҚазАқпарат» ХАА сайтында жүргізіледі. 1-10 тамыз аралығында конкурстың нәтижелері жарияланады. Кейін жеңімпаздар анықталады. Түрлі номинациялар бойынша 19 жеңімпаз марапатталады. Конкурсқа түрлі жанрлардағы көлемі 10 мың белгіден аспайтын материалдар қабылданады. Конкурсқа ұсынылатын материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Индекс 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, «Алтын орда» БО, «ҚазАқпарат» ХАА редакциясы («конкурсқа» деген ескертпемен) немесе



руына, қазіргі әлемдегі Қазақстан мен Қытайдың гуманитарлық миссиясына арналған сараптамалық материалдар қабылданады. Конкурсқа Қазақстанның барлық азаматтары қатыса алады. Үздік материалдарды қабылдау және жариялау жұмыстары

inform2018konkurs@gmail.com электрондық поштасы. Қосымша ақпараттарды мына телефондарға хабарласып біле аласыздар 8 (71 72) - 95 40 68, 95 40 45.

<https://www.inform.kz/kz>

КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Тосаттан болатын тұрмыстық төтенше жағдайлар (әсіресе өрт) мен табиғи апаттарға әрқашан тыңғылықты дайындықта болу, соның кесірінен келтірілетін адам шығыны мен экономикалық зардаптардың алдын алуға сеп болатындығы айтпаса да түсінікті. Аталған апатты жағдайлардың алдын алудың әрекетіне дайындықтың қандай деңгейде екендігін байқап, тексеру мақсатында үстіміздегі жылдың 14-15-маусымы күндері аралығында Приозерск қаласында «Бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар қауіпі төнген

және дайындығын бағалау, авариялық-құтқару қызметтерін, олардың техникасы және жабдықтарын құру.

Оқу-жаттығуға Командалық-штабтық оқу-жаттығу штаб басшылары, делдалдық аппарат, қала әкімі аппараты, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша комиссия, азаматтық қорғау қызметтері, авариялық-құтқару құрамалары және Приозерск қаласының ұйымдары тартылды. Оқу-жаттығудың бірінші күнінде қаланың шұғыл іс-әрекет жасау жасақтарымен көпқабатты үйлердің бөлшектері құлағанда арнайы орындалатын тактикалық жаттығулар өткізілді. Аталған ісшара жарасымдылыққа шығарылған бұрынғы БСА көшесі 2-үйдің ғимаратында өтіп, өртке оранған тастанды ғимараттың жоғарғы қабатында өрт арасында қалып қойған адамды тез арада құтқарып алуға бағышталған әдіс-тәсілдерге негізделіп, өрттен құтқару қызметі ұжымының жеделдігін, материалдық-техникалық дайындығын, қысылтаян шақтағы тез әрі тиімді әдіс-тәсілдер қолдану шеберлігін сыннан өткізді. Арнайы тактикалық оқу-жаттығу барысында өрт барлау инженерлік техникалармен үйінділерді жинау, зардап шеккендерді іздеу және құтқару, өрт болған жерлерде сөндіру сонымен қатар басқада құтқару жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ суда құтқару жұмыстарын жүргізудегі іс-әрекеттер бойынша арнайы тактикалық оқу-жаттығулары жүргізілді. Мұнда да көпшілік жиналатын орындағы жасалынатын іс-әрекет пен зардап шегуші тұлғаны құтқару және оған ең алғашқы медициналық қызмет көрсету әрекеті бақыланды.

Елді мекендерде қандайда бір төтенше жағдай немесе табиғи апат орын алғанда тұрғындардың ауыз су мен азық-түлікпен тарығып, оларды осындай мұқтажықтардан арылту мәселесі туыдауы әбден мүмкін.



және болған жағдайда басқару орган-дарының, авариялық құтқару қызметтерінің және тұрғындардың іс-әрекеттері» тақырыбы бойынша командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Оқу-жаттығудың басты мақсаты басқару органдарының, азаматтық қорғаныстың мемлекеттік жүйесінің аумақтық қосалқы жүйесі күштерінің ірі авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың зардаптарын жою барысында құтқару-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша шараларға дайындығын бағалау, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдың жоспарынның және Азаматтық қорғаныс жоспарының шынайылығын бағалау, азаматтық қорғау қызметтерінің болуын

ОБЪЯВЛЕН КОНКУРС НА ОСВЕЩЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ

Международное информационное агентство «Казинформ» и Посольство Китайской Народной Республики объявляют республиканский конкурс Инициативы «Один пояс, один путь» и программы «Нұрлы жол». «Моя история о траектории взаимовыгодного роста и процветания», посвященный 5-летию выдвижения инициативы «Один пояс, один путь».

Целью конкурса является дальнейшее расширение стратегического сотрудничества между Республикой Казахстан и КНР. На конкурс принимаются ранее не публиковавшиеся аналитические материалы, посвященные истории и стратегическим приоритетам дипломатических отношений между Казахстаном и Китаем, возрождению Великого Шелкового пути в XXI веке, новой стратегии транснациональной экономической интеграции, гуманитарной миссии Казахстана и Китая в современном мире. Как отмечал Председатель КНР Си Цзиньпин в своем выступлении в Назарбаев Университете в сентябре 2013 года, дружественные контакты между Китаем и народами Центральной Азии начались в глубокой древности. «Более чем двухтысячелетняя история взаимоотношений Китая и Казахстана показывает, что страны с разными национальностями, разными религиями и культурными традициями вполне могут вместе жить в мире и согласии, добиваясь совместного развития, если будут руководствоваться духом солидарности и взаимодоверия, равноправия и взаимной выгоды, инклюзивности и взаимного заимствования, а также сотрудничества во имя взаимной выгоды. Этому нас научил Шелковый путь», - сказал Си Цзиньпин. Председатель КНР подчеркнул, что нужно усиленно укреплять практическое взаимодействие, быть надежными партнерами для взаимной выгоды и общего выигрыша. Глава государства Нурсултан Назарбаев в ходе государственного визита в КНР в 2017 году отметил, что инициатива «Один пояс, один путь» стала новой парадигмой регионального и глобального развития, новой схемой сотрудничества». Вместе с тем, на саммите ШОС в Астане в ходе двусторонней встречи с Председателем КНР Си



Цзиньпинем Президент РК Н.Назарбаев отметил: «Наша страна, находящаяся без выхода в океаны в материковой части с помощью КНР становится транзитной страной с выходом на Тихий океан в восточной области Китая. Например, контейнерные перевозки по маршруту Китай-Казахстан-Европа сегодня демонстрируют устойчивую позитивную динамику и удваиваются. От границы Китая через Казахстан проложена дорога, северный маршрут, через переход на станции «Дружба» через Россию в Европу». В конкурсе могут принять участие все граждане Казахстана, вне зависимости от профессии, возраста, региона проживания. Прием и публикация лучших материалов на сайте МИА «Казинформ» будут проходить с 23 мая по 31 июля 2018 года. С 1 по 10 августа будут подводиться итоги конкурса. Затем состоится награждение победителей. Всего будет представлено 19 победителей в различных номинациях. На конкурс принимаются материалы различных жанров - статьи, очерки, обзоры, интервью, объемом не более 10 тысяч знаков. Публикации, представленные на конкурс, не рецензируются и не возвращаются. Материалы на казахском и русском языках принимаются по адресу: Индекс 010000, г. Астана, проспект Мәңгілік ел 8, БЦ «Алтын орда», редакция МИА «Казинформ» (с пометкой «на конкурс») или на электронную почту inform2018konkurs@gmail.com За дополнительной информацией обращаться по телефону 95 40 68, 95 40 45

<https://www.inform.kz/>

Дайындықты тексеру



Сондықтан осындай жағдайдың алдын алу мақсатында жергілікті кәсіпкерлермен келісімшарт жасалынып, тиісті сақтық шаралары да қарастырылған. Командалық-штабтық оқу-жаттығу штаб басшылары Командалық-штабтық оқу-жаттығудың алғашқы күнінде штаб

соғыс уақытында ауысқандағы орындалатын іс-әрекеттері тексерілді.

Оқу-жаттығудың қорытындысы бойынша тартылған ұйымдарға тиісті баға берілді және алдағы уақыттағы алдын алу шараларына дайындық пен дер кезінде жасалуға тиіс іс-әрекет жайында басшылық және білікті мамандар тарапынан пайдалы кеңестер берілді. Азаматтық қорғаныс Азаматтық қорғаныс топтарының мүшелері тарапынан білікті мамандарға өздерін толғандыратын мәселелер бойынша түрлі тақырыптағы сауалдар беріліп, тиянақты жауап алды. Командалық-штабтық оқу-жаттығу ісшарасы ойға алған мақсаттары мен мұраттарын тиянақты және табысты аяқтады деп пайымдауға толық негіз бар.

Н.ӨТЕПТЕГІ.

Суреттерде: оқу-жаттығу сәтінен көріністер.



басшылары мәселенің бұл жағына да баса назар аударып, жапа шеккен тұрғындарды ауыз су және азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайын мұқият тексерді.

Екінші күні химиялық қауіпті объектіде авариялық жағдай пайда болған кездегі іс-қимылдар пысықталды. Адамдарды іздестіру және құтқарудың қалалық командасының, сондай-ақ азаматтық қорғанысты қалыптастыру дайындығын тексеру өткізілді. Оқу-жаттығудың басшылығы тарапынан штабтардың, азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар қызметінің, азаматтық қорғаныс жүйесіндегі барлық іс-шаралардың бейбіт өмірден





СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-53

График приема граждан: Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела - Еженедельно понедельник-четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ**сенім телефоны: 5-32-48****Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48****«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ - нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Жайдарлы жаз**«КҮНШУАҚ» ЖАЗҒЫ ТЫНЫҒУ ЛАГЕРІ**

Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз, - деп оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы лагерьлерге баруға асығады. Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Біздің қалада да «Приозерск қаласының №1 ЖОББ мектебі» КММ-нің жанынан маусым айында ашылған «Күншуақ» жазғы тынығу лагері жұмыс жасады.

Бүгінде жазғы демалыс орнында балдырған уақыттарын көңілді өткізуде. Олардың ішінде «Көп балалы және аз қамтылған» отбасының балалары бар. Мұнда таңертеңгі сағат 9.00-ден кешкі 17.00-ге дейін демалады. Балалар ыстық тамақпен қамтылып, жататын орындары, бөл-



Күнде жоспар бойынша лагерьге келген демалушыларды күнделікті мектеп медбикесі денсаулықтарын тексеріп, тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, балғындардың демалысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін, өнерлерін аямай жұмсауда. «Көңілді старт», «Лагерь аруы», «Күштілер, батылдар» сайыстарына оқушылар қызығушылықпен қатысады. Шара барысында оқушылар ән айтып, би билеп, мерекені қыздыра түсті. Балалардың көңілді демалып жатқандығы жүздерінен көрініп тұрды. Лагерьдің тәрбиешілерінің айтуынша, келгендеріне аз болса да, әр отбасынан, әр мектептен жиналған балалар бір үйдің баласындай болып кеткен. Қайсысымен әңгімелессең де, жаз мезгілін жыл сайын асыға күтетінін, мектеп жанындағы лагерьге келу арқылы көп дос табатынын, түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтеретінін айтып мәз-мейрам болысуда. Осылайша лагерьдің әр күні мәнді де сәнді өтуде. Бұл тұста балалардың демалыс күндерін қызықты өткізуге үлес қосқан тәрбиешілердің еңбектерін ерекше атап өтіп, жоғары бағалауға болады.

Сөз соңында айтарым, қазіргі кезде «Жастар - еліміздің болашағы» деген қанатты сөзді жиі

айтамыз. Еліміздің болашағы - бүгінгі жастар болғандықтан, сол жастардың білімді, алғыр, бәсекеге қабілетті болып өсуіне мектеп жанынан құрылған «Күншуақ» лагерьде өткен іс шаралар септігін тигізе алды деген сенімдеміз.

Жакуова К. А.,
«Приозерск қаласының №1 ЖОББ» КММ - нің бастауыш сынып мұғалімі



мелері кең, таза, әсемделген, тазалық сақталған. Жазғы лагерьде балалардың сапалы тамақтануы да назардан тыс қалмаған. Арнайы бекітілген ас мәзірі бойынша балаларға 3 мезгіл тамақ беріледі.

6 концептуальных направлений модернизации программы «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ»**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

В Приозерском городском суде рассматривается гражданское дело по заявлению Кенжетеева А.А. о признании недействительным брака с гражданкой Кошеваровой Галией Каримовной, 1977 г.р., безвестно-отсутствующей.

Заявитель Кенжетеев А.А. проживает в г.Приозерск по адресу: бульвар Советской Армии, д. 36, кв. 24.

Лицам, имеющим сведения о месте пребывания гр. Кошеваровой Г.К., сообщить об этом суду г.Приозерск в трёх-месячный срок со дня данной публикации.

Суд г.Приозерск

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 26/566. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.